



«Бекітемін»
Мектеп директоры:
А. Тунгушбаев

№ 2 Ж.Жабаев атындагы бастауыш мектебинде Ұлттық
құндылықтарды насихаттау мақсатында– Наурызнама онкүндік
мерекелік іс-шараларының
ЖОСПАРЫ

№	Іс-шара мазмұны	Мерзімі	Орындаушы	Жауапты
1	1. «Жыл басы наурыз мерекесі- Көрісу мерекесі-Амал мерекесі» Театрланған қойылым 2. Ұлттық спорт күні Ұлттық спорт түрлері-рухты көтеретін ойындар.Ежелден келе жатқан салт-дәстүрлер мен ойын түрлерін ұлықтау . Қайырымдылық күні Қамқор жобасы негізінде «Мейірім жүректен» тақырыбында жәрмеңке ұйымдастыру	13.03.2026	Мектеп ұжымы Дене шынықтыру мұғалімдері Ұйымдастырушы педагог А.Үсенбаева Тәлімгер Д.Байтасова Әлеуметтік педагогтар Б.Қамбаева	ДТЖЖО М.Нурманова
2	Мәдениет және ұлттық салт- дәстүр күні «Ата-салтың-ұлттық қалпың» тақырыбында ұлттық құндылықтарымызды дәріптеуге бағытталған іс-шара. Шаңырақ күні «Шаңырақтың шаттығы- татулықта»тақырыбында отбасы құндылығын насихаттаудаДаналық мектебі «Әкелер мектебі», «Аналар мектебі», «Әжелер мектебі» жұмысы;Өнегелі 15 минут жобасын ұйымдастыру.	16.03.2026	Ұйымдастырушы педагог А.Үсенбаева Тәлімгер Д.Байтасова	ДТЖЖО М.Нурманова

3	Ұлттық киім күні «Ұлттық киім- ұлттың бейнесі» тақырыбында қазақтың ұлттық киім үлгілерін көпшілікке насихаттау арқылы қазақтың киім үлгісін заманауи жаңғырту. «Қош келдің Әз-Наурыз!» ашық тәрбие сағаты	17.03.2026	Мектеп ұжымы және оқушылар Анашбекова Ү	ДТЖЖО М.Нурманова
4	Жаңару күні «Наурыз –жаңару мен жаңғырудың мерекесі» атты әдеби сазды кеш. Жыл басы «Қош келдің Әз- Наурыз!» тақырыбында концерттік бағдарлама	18.03.2026	Ұйымдастырушы педагог А. Үсенбаева	ДТЖЖО М.Нурманова
5	Тазару күні «Тазару мен табиғаттың тазаратын, жаңаратын күні»	20.03.2026	Мектеп ұжымы және оқушылар	ДТЖЖО М.Нурманова

Дайындаған: М.Нурманова

Түркістан облысы
Шардара ауданы
Шардара қаласы
«№2 Ж Жабаев атындағы бастауыш мектебі»

Тәрбие сағат

«Қош келдің, Әз-Наурыз!»

Сынып жетекшісі: Ақбердиева Т

Қош келдің, Әз Наурыз!

Залда әсем әуен ойнап тұрады. Балалар билеп кіреді

Мұғалім: Күлімдеген шуақты көктеммен бірге қазақ даласына жаңа жыл келді. Ұлы мерекелеріңізбен құттықтай отырып, дендеріңізге саулық, еңбектеріңізге табыс тілейміз. Ұлы мереке сіздерге бақыт, қуаныш, сыйласын!

Нурикамал: Армысыздар құрметті қонақтар. Ұлыс күндеріңіз құтты болсын!

Келе жатыр жылымыз,
Мейрамдаймыз мұны біз.
Халқы сүйген мейрамды
Қарсы алайық Наурызды!

Аяулым: Мен Наурыз қызбын
Қыздарымда қасымда
Ұлыс күнге жетті міне асыға
Келген жылым жақсылыққа басташы
Қуанышпен әр үйдің
Босағасын атташы
Демир

Сәнді көктем - Наурыз!
Наурыз тойы - жырымыз.
Көңіл гүлдей жайнасын.
Құлпырсын күн мен ай.
Құтты болсын Наурыз!

Томирис
Қош келіңсің Наурыз!
Арман тойы халықтың.
Қуанышы халықтың,
Құтты болсын қадамың!
Би биледік бәріміз!

Кәусар
Егін өңін толқытқан,
Елдің көңілін шалқытқан.
Бас иеміз - Наурыз!
Сені тойлап қарсы алып,
Бар әлемге жар салып,
Сәлем бердік, біз сізге!

«Күй шашу»би

Мұғалім: Рақмет, Төрлетіндер, дастархан басына жайғасындар. Наурыз жыл басы, наурыз қуаныш мерекесі.

Наурыз - бақыт пен шаттық мерекесі. Наурыз – көктем мерекесі.
Ендеше «Көктем» туралы ән шырқайық

ӘН: «Алақай, Наурыз!»

Мұғалім: Келесі кезекті осынау қасиетті мерекеге арналған тақпақтарға береміз.

Тақпақтар

Аяна

Наурыз тойым, Наурыз тойым.
Құтты болсың халайық!
Қане, достар, қане, достар,
Шырқап әнге салайық.

Жеңіскул

Осыншама жақсылық
Алып келген Наурызым
Төрлет бізге нұр беріп,
Шуақ шашып ақ жүзің!

Алина

Наурыз шаттық әніміз
Салтанатты сәніміз
Ән саламыз бәріміз
Би билейміз бәріміз

Ернұр

Наурыз айы - гүл айы
Наурыз айы - нұр айы
Наурыз айда халқымның
Құлпыра түсер шырайы

Айбар

Уа, халайық, халайық!
Әсем әнге салайық
Наурыз тойын көңілді
Бірге қарсы алайық!

Ойын: Асық ойыны

Наурыз қыз: Мен қанша шуағымды шашып, мейірленгенімен қалың қыстың етегі сөгіле қоймаған тәрізді. Тезірек қар түгелдей еріп, ағаштар бүршік ашып, жер көктеу үшін не істесек екен ә?

Мұғалім: Иә, аздап салқын, айнала әлі қар. Ол үшін біз шуағын шашқан алтын сәулелі ару күнді, қасиетті жер ананы, ыстық ықыласты от ананы ортаға шақырайық.

Жер ана: *(бата береді) шашу шашады.*

Жетегің бұйда болсын,
Арқаң шуда болсын.
Беретін асың болсын,
Көретін жасың болсын.
Бесігің алдыңнан түспесін,
Басыңнан жақсылық кетпесін,
Жамандық саған жетпесін.

Жадыра: Жыл басы - Наурыз мереке,
Ақ нұрға әлем боянды.
Наурыз тойы береке,
Тіршілік таңы оянды.

Динмұхаммед: Уа, жарандар, келіндер!
Той қызығын көріндер!
Наурыз тойға бас иіп,
Күнге сәлем беріндер!

Ұлдар биі., Қара жорға.,

Армысыздар көрермен қауым! Наурыз мейрамы құтты болсын, ұлыс оң болсын!

Мұғалім: Аяулы да қасиетті аналар біздің мерекелік дастарханымызға төрлетіңіздер!

Наурыз мейрамында ауылдарды аралап наурыз көже ішу керек екен.

Иә, наурыз көже ең дәмді, әрі тойымды, құнарлы тағамның бірі.

Наурыз қыз: Ендеше, мен ауылдарды аралап, қыдырып қайтайын – деп шығып кетеді.

Ән «Көктем әні»

Мұғалім: Наурызға арналған жырларымызды жалғастырамыз.

Тақпақтар.

Құтты болсын Әз-Наурыз,
Жанымызды жайнатар
Ұлттық дәстүр жаңғырып,
Балаларды ойнатар
Хамза:
Наурыз тойы келгенде,
Қуанамыз жайнаймыз.
Мерекеде достармен,
Асыр салып ойнаймыз

Мұғалім: Ал, құрметті халайық, тұсау кесер рәсіміне кезек берейік. Бұл –қазақ халқында балаға қатысты наным-сенімдер өте көп. Жалпы бала дүниеге келгеннен бастап, есейген шағына дейін 20 шақты әдет-ғұрып жасалады. Солардың бірі тұсау кесер. Тұсау кесер-сәби бесіктен шығып, еңбектеуден өткен соң, қаз тұрып, тәй-тәй басқанда жасалатын дәстүр. Тұсауы кесілген бала, біреудің ала жібін аттамайтын адал, жолы ашық азамат болады деп санаған.

Тақпақтар

Гулсерен

*Наурыз келді тамаша
Ән айтамыз таласа
Атам, әжем той тойлап
Қуанып жүр балаша
Би билейміз тамаша!*

Мариям

*Ашылды да кебеже
Дәм әзірлеу басталды
Әжем наурыз көжеге
Жеті түрлі ас салады*

Еркежан

Наурыз келді құт болып,

*Мына бізге сүт болып
Аққа аузымыз толады
Бар жақсылық болады*

Мансүр:

*Наурыз келді еліме
Наурыз келді жеріме
Байлық бақыт тілеймін
Бүкіл қазақ еліне!*

Нұрдәулет:

*Көңіліміз жанданып
Наурызда біз жайнаймыз
Тақпақ айтып
Ән айтып
Бұлбұл құстай сайраймыз*

Айкөркем:

*Наурыз тойы бітпесін,
Жаңа жылы қазақтың
Тыныш болсын еліміз,
Алға бастар гажан күн*

Қайсар:

*Жанымыз бір наурызбен,
Әндетеміз жырлатып
Тақымыз бір наурызбен,
Бұның өзі бір бақыт*

ӘЖЕ: *(Қолында тостаған, наурыз көже)*- Амансыздар ма, құрметті қонақтар, балалар, көктемнің тамаша мерекесі, Ұлыстың ұлы күні, Наурыз құтты болсын, әр шаңыраққа береке, бірлік, мәртебе әкелсін. Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын! Қайда барса жол болсын!

- Балалар, менің қолымдағы не? Онда не бар деп ойлайсындар? Дұрыс айтасындар. Бұл Наурыз көже. Наурыз мерекесін наурыз көжесіз елестету мүмкін емес. Сендерге сұрақ

- Наурыз көжені неше түрлі тағам қосып дайындайды? (7 түрлі) Қане атап беріңдерші? (Сүр ет, сүзбе, бидай, құрт, тары, май, тұз) Дұрыс айтасындар. Наурыз көже ең дәмді, әрі тойымды, құнарлы тағамдардың бірі. Ерте кезде үлкен тайқазанға пісірген. Наурыз көже қаншама халықты аштықтан аман алып қалған. Ал, қонақтар жыл бойы тоқшылық болсын, дастарханамыз кең жайылсын деген ақ тілекпен наурыз көжеден дәм татыңыздар.

(Ата – аналар алдына үстел қою, Наурыз көже құятын тостағандар қойып, құйып береді)

Мұғалім: Наурызда өздеріңнен бата сұраймыз.

Алихан :

Ұлысың оң болсын,

Ақ мол болсын.

Қайда барса жол болсын!

Ұлыс бақты болсын,

ТӨрт түлік ақты болсын!

Ұлыс береке берсін,

Бәле –жала жерге енсін!

Тыныштық заман болсын,

Ел – жұртым аман болсын!

Ұлыс оң болсын!

Наурыз құтты болсын! Әумин!

Мұғалім:-Балалар,біздің сыныбымыздың аналары мейрамда сендерге арнап бауырсақ пісіріпті,біз дәмін татып көрейік

Бауырсақты көрсетеді.

Осымен НАурыз меркесіне арналған іс-шарамыз аяқталды.Рахмет баршаңызға.

Мексерілді
26.03.2028
SM

16-наурыз күні „Қош келдің Әз-Наурыз „атты 1,,Ә,, сынып оқушыларының тәрбие сағатынан көріністер. 2026жыл

